

**Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**

**«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы»
2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру
жөніндегі әдістемелік нұсқаулық**

Астана 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 04 маусымдағы №2 хаттама)

«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы» 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 50 б.

© Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025
BR21882231 «Концептуальная модель обеспечения инклюзивности и доступности в системе среднего образования Казахстана» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды іске асыру шеңберінде

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ЕБҚ – ерекше білім беруді қажет ететін

ЖІӨ – жалпы ішкі өнім

ҚР ОАМ – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

НҚА – нормативтік құқықтық акт

ППҚҚ – психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі

ҰБДҚ – Ұлттық білім беру деректер қоры

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА – Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

ЮНЕСКО – Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы

CRPD – The United Nations Convention on the Rights of Persons with Disabilities

PISA – Programmed for International Student Assessment (Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама)

ГЛОССАРИЙ

Мектепке ұйым	дейінгі	мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын, жеке дамыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы
Инклюзивті білім беру		ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс
Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)		тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау		білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды айқындау
Орта білім беру ұйымы		мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы
Психологиялық-педагогикалық қолдау		білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет
Білім алу үшін арнайы жағдайлар		ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс
Техникалық және		білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын

кәсіптік білім беру

мамандарын даярлауға бағытталған білім беру

Оқытудағы әмбебап
дизайн

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің әртүрлілігін және олардың қажеттіліктерін ескере отырып, ақпаратты ұсынудың түрлі тәсілдерін, өзара әрекеттесу мен қолдаудың әртүрлі жолдарын пайдалану арқылы баршаға арналған икемді және инклюзивті білім беру ортасын құруды көздейтін тәсіл

КІРІСПЕ

2024 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасының делегациясы Женева қаласында (Швейцария) БҰҰ Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) 690 және 691-отырыстарында Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының (бұдан әрі – Конвенция) орындалуы жөніндегі бастапқы баяндамасын қорғады. Отырыс қорытындысы бойынша Комитет Қазақстанның Конвенцияны іске асырудағы оң нәтижелерін атап өтіп, мәселелерді шешу бойынша бірқатар ұсынымдар берді.

Комитеттің негізгі ұсынымдарының бірі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын мүгедектікке қатысты медициналық модельден құқықтық модельге көшірудің жан-жақты стратегиясын әзірлеу. Комитеттің ұсынымдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысымен 2025 – 2030 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясат тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – халықтың, соның ішінде мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, оларды қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне толыққанды тарту үшін қолайлы жағдай жасау. Тұжырымдаманың басым бағыттарының бірі – инклюзивті білім беруге арналған бөлім.

Инклюзивті білім беру – бұл барлық балаларды, олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарамастан, бірыңғай білім беру процесіне тартуға бағытталған процесс. Бұл әрбір баланың физикалық, интеллектуалдық, эмоциялық немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру ортасында оқып, дамуына тең мүмкіндік алуын білдіреді.

Инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру үшін білім беру ұйымдарының мәдениеті, саясаты және тәжірибесіне өзгерістер енгізуді талап етеді. Инклюзияның негізгі сипаттамалары: әр баланың білім алуға қабілеттілігін мойындау, білім беру жүйесін барлық балалардың қажеттіліктеріне бейімдеу, инклюзивті қоғамды дамыту және осы жүйені үздіксіз жетілдіру.

«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында Президент Қ.К. Тоқаев: «...Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құрамыз... Жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз» деп атап өтті. Бұл мәлімдеме әр баланың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарамастан, оның дамуына қолайлы жағдай жасау маңызды екенін айқындайды.

Көптеген зерттеулер инклюзивті білім беру ортасының барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (бұдан әрі – ЕБК)

айтарлықтай пайда әкелетінін растайды. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар). ЕБҚ білім алушылар жалпы білім беру кеңістігіне қосылған кезде оқу, математика, сабаққа қатысу бойынша жоғары нәтижелер көрсетеді, мінез-құлық қиындықтары аз болады және мектепті аяқтау мүмкіндігі сегрегацияланған ортада оқитын балаларға қарағанда жоғары болады. Болашақта олар келесі білім сатысына өту, жұмысқа орналасу және өз бетінше өмір сүру мүмкіндігін көбірек иеленеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері жоқ балалар инклюзивті ортада оқи отырып, әртүрлілікті қабылдау, жанашырлық пен мейірімділік сияқты құндылықтарды меңгереді. ЕБҚ балаларды жалпы білім беру ортасына интеграциялау олардың ата-аналарына нарықтық экономикаға белсенді қатысуға мүмкіндік береді және еліміздің жалпы әл-ауқатына үлес қосады.

Осы міндеттерді іске асыру үшін білім беру ұйымдарында тиісті жағдайларды жасау қажет: қолжетімді инфрақұрылым, икемді оқу бағдарламалары мен материалдары, оқытудағы жеке тәсіл, ЕБҚ балалармен жұмыс істеуге педагогтерге даярлау. Сонымен қатар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ету қажет.

Әрбір бала, оның ерекше қажеттіліктеріне қарамастан, білім беру процесінің толыққанды қатысушысы болуы тиіс. Бұл – мемлекетіміздің саясатының негізінде жатқан әділеттілік пен тең мүмкіндіктер қағидатының мәні. Балаларға әртүрлілікті құрметтеуді және түрлі адамдармен бірлесе жұмыс істеуді үйрету болашақта біртұтас әрі үйлесімді қоғам құрудың негізін қалайды.

Инклюзивті білім беру кеңістігін құру тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның күш-жігерін талап етеді. Ата-аналар, педагогтер, білім алушылар мен тәрбиеленушілер өзгерістерге дайын болып, инклюзия идеясын қолдауы маңызды. Білім беру ұйымдары әр бала өзін қабылданған және құнды сезінетін орынға айналуы тиіс, бұл қоғамның табысты дамуы мен өркендеуінің кепілі болмақ.

«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы» 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) еліміздегі мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары мен органдарына инклюзивті білім беруді дамытуға арналған бірыңғай тәсілдерді жүзеге асыру мақсатында әзірленген. Бұл ұсынымдар барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогтеріне, сонымен қатар біліктілікті арттыру және білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеу жүйесіне, педагогикалық мамандықтар бойынша білім алатын студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналған.

Парадигма (грек тілінен *para deigma* — үлгі, өнеге) — біріншіден, шынайылықтың маңызды ерекшеліктерін білдіретін ұғымдар жүйесінде көрініс тапқан қатаң ғылыми теория ретінде анықталады, екіншіден, белгілі бір тарихи кезеңде ғылыми қауымдастыққа мәселелерді қою және оларды шешу үлгісін ұсынатын баршаға мойындалған ғылыми жетістіктер жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Нұсқаулық 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мен тетіктері сипаттамасын, Нұсқаулықты іске асыру жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын қамтиды.

Нұсқаулық келесі негізгі бағыттарды іске асыруға бағытталған:

1) білім беру процесіне қатысушылардың барлығының дамуына ықпал ететін, ынтымақтастық идеяларын қолдайтын, қауіпсіз әрі гуманистік қоғам құруға жәрдемдесетін инклюзивті мәдениетті қалыптастыру; әрбір адамның құндылығы ортақ жетістіктердің негізі болатын қауымдастықты дамыту;

2) барлық балалар үшін мектеп дамуын көздейтін, алуан түрлі мүмкіндіктер мен қажеттіліктерді қолдайтын және әрбір балаға жағдай жасауға бағытталған өзгерістер жүргізуді қамтамасыз ететін инклюзивті саясатты іске асыру;

3) оқыту процесін басқаруға және ресурстар синергиясына (білім беру ортасын бейімдеу, педагогтерді оқыту, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қажеттіліктеріне сәйкес жеке және қосымша көмек көрсету) бағытталған инклюзивті тәжірибені енгізу.

Нұсқаулық инклюзивті білім беру ортасын құруға бағытталған, ол білім беру ұйымдарындағы мәдени, ұйымдастырушылық және практикалық өзгерістер арқылы әрбір баланы қолдау мен дамытуға жағдай жасайды. Инклюзивті білім беру – бұл тек ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) білім алушыларды жалпы білім беру ортасына қосу ғана емес, сонымен қатар арнайы жағдайлар жиынтығын жасау процесі болып табылады. Бұл жағдайлар келесі аспектілерді қамтиды: педагогтердің инклюзивті педагогика қағидаттарын сақтау бойынша оқытуы; оқыту стратегияларын бейімдеу; жеке оқу жоспары мен жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу, қажет болған жағдайда үлгілік оқу бағдарламасын балалардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу; психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету; икемді бағалау әдістерін қолдану; әрбір білім алушы өз құндылығын сезініп, қолдау тапқан орта құру.

Нұсқаулықты іске асыру Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында және басқа да бағдарламалық құжаттарда көрсетілген цифрландырудың негізгі тенденцияларына сәйкес барлық білім алушыларды/тәрбиеленушілерді сапалы оқыту мен тәрбиелеуге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін білім беру процесінде педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен цифрлық шешімдерді кеңінен қолдануды көздейді.

Нұсқаулық балалардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құжаттарға, Қазақстан Республикасының Конституциясына, балалардың теңдей және сапалы білім алу құқығын іске асыруды реттейтін негізгі заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттарға, сондай-ақ келесі тұжырымдамалық құжаттарға: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Қазақстан халқына Жолдауы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Қазақстан халқына Жолдауы, «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күшін жою туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №611 Жарлығы, «Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 Қаулысы құжаттарға негізделеді.

Нұсқаулықты іске асыру мемлекет, бизнес және кең қоғамдық қауымдастық тарапынан күш-жігер мен қаржылық ресурстарды біріктіруді талап етеді.

1-БӨЛІМ. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Халықаралық инклюзивті білім беруді дамыту тәсілдеріне сәйкес, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда өзінің инклюзивті саясаты қалыптасты.

Мәселен, бірқатар халықаралық құжаттар ратификацияланды, олардың ішінде «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы, «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. «Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың білім беру саласындағы қағидаттары, саясаты және практикалық қызметі туралы» Саламанка декларациясында жарияланған инклюзивті білім берудің негізгі халықаралық қағидаттарына сүйене отырып, Джомтьеннің бүкіләлемдік білім туралы декларациясы елімізде білім берудің инклюзивтілігі мен қолжетімділігі қағидаттары дәйекті түрде іске асырылуда.

Әрбір баланың білім алу құқығын жүзеге асыруды реттейтін негізгі заңнамалық құжаттарға Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдары жатады.

Ерекше білім беру қажеттіліктерінің медициналық моделінен әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу процесінде еліміздің инклюзивті саясатының прогрессивті кезеңі 2021 жылы Қазақстан Республикасының «Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының қабылдануы болды.

Бұл заң бойынша «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)» ұғымына өзгерістер енгізілді; «ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау», «ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар» ұғымдары енгізілді; мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің рөлі күшейтілді; жалпы білім беру мектептерінде оқу бағдарламаларын бейімдеу мүмкіндіктері кеңейтілді; ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың) даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу нысанын таңдауға құқықтары кеңейтілді; инклюзивті білім беруге жағдай жасамағаны үшін мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының жауапкершілігі қарастырылды.

2021 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына енгізілген түзетулерге сәйкес, ерекше білім беруді қажет ететін балалар қатарына тек мүмкіндігі шектеулі балалар ғана емес, сондай-ақ білім алуға арнайы жағдайларды қажет ететін басқа да тұрақты немесе уақытша

қажеттіліктері бар балалар да жатады.

Заңнамалық құжаттардан бөлек, елімізде ерекше білім беру қажеттіліктерінің медициналық моделінен әлеуметтік-педагогикалық модельге көшуін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілер әзірленді. Осылайша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (НҚА тіркеу реестрінде № 29329 тіркелген) бекітілген арнайы білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік-педагогикалық жіктемесі бекітілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығымен (НҚА тіркеу реестрінде № 36047 тіркелген) Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы бекітілді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығымен (НҚА тіркеу реестрінде № 26618 тіркелген) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары бекітілді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығына сәйкес, ерекше білім беру қажеттіліктері тек денсаулық жағдайына байланысты ғана емес, сонымен қатар оқу процесіндегі ерекше қиындықтар, мінез-құлықтық және эмоциялық мәселелер, әлеуметтік-психологиялық және экономикалық жағдайлар, тілдік және мәдени айырмашылықтар салдарынан да туындауы мүмкін.

Қазақстандағы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының деректері бойынша психофизикалық дамуында қиындықтары бар балалар саны жыл сайын 8%-ға артып келеді (2024 жылы – 203 мың, 2023 жылы – 188 мың, 2022 жылы – 175 мың).

Ұлттық білім беру дерекқорының (бұдан әрі – ҰБДҚ) мәліметтері бойынша әлеуметтік-психологиялық қолдауды қажет ететін балалар саны артып келеді (2023 жылы – 487 мың, 2022 жылы – 476 мың, 2021 жылы – 455 мың). Еліміздегі білім алушылардың жалпы санының 30%-ын барлық оқу пәндері бойынша «3» жылдық бағалары бар балалар құрайды, бұл оқу нәтижелерінің төмендігін көрсетеді. Бұл балалардың барлығына үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдау қажет, мұндай жағдайда олар өзгелермен бірге білім алып, сапалы білімге қол жеткізе алады және болашақта әлеуметтік өмірдің барлық салаларына қатысып, өз үлесін қоса алады. Әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы тиісті қолдаусыз білім алушылардың төмен үлгерім көрсеткіштерінің өсуіне әкеледі.

Инклюзивті саясатты іске асыру мақсатында еліміздің білім беру ұйымдары инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасайды.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде кедергісіз қолжетімділікпен және арнайы кадрлармен қамтамасыз етуді қоса алғанда, инклюзивті білім беру үшін: мектепке дейінгі

ұйымдардың 70%-ында, жалпы білім беретін мектептердің 90%-ында, ТжКБ ұйымдарының 81%-ында жағдайлар жасалды. Жалпы үлгідегі білім беру ұйымдарында ППҚҚ жұмыс істейді. ППҚҚ құрамына: әкімшілік мүшелері, педагогтер (педагогтер, тәрбиешілер, психологтар (педагог-психологтар), арнайы педагогтер, әлеуметтік педагог, педагог-ассистенттер), сондай-ақ ата-аналар қоғамының өкілдері тартылады.

Алайда еліміздің инклюзивті білім берудің нормативтік базасын құрудағы қол жеткізген жетістіктеріне қарамастан, бүгінде инклюзивті практиканы іске асыру процесі: балаларды оқытудағы қиындықтарды ерте анықтау, алдын алу және түзету жүйесінің жеткіліксіз дамуы; ЕБҚ балалармен жұмыс жасаудың ассистивті технологиялары мен әдістерін әзірлеу, апробациялау және енгізу, инклюзивті білім беруді стратегиясын іске асыруда бірыңғай тәсіл мен сабақтастықтың болмауы сияқты елеулі кедергілерге байланысты баяу жүруде.

Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (бұдан әрі – ҰБА) жүргізген зерттеулер 2021 жылы білім беру ұйымдары директорларының ішінен зерттеуге қатысушылардың тек 49%-ы ППҚҚ қызметіне жоғары баға бергенін куәландырады. Сондай-ақ педагогтердің 70%-ы жеке оқу бағдарламаларын әзірлеуде, оқу бағдарламаларын бейімдеуде қиындықтарға тап болды.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА зерттеулері (2022, 2023 жылдар) сонымен қатар педагогтердің ЕБҚ балаларға сабақ берудегі қиындықтарын, оларға практикалық сабақтар, тренингтер мен шеберлік сыныптары қажет екенін анықтады. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 50%-ы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу қиынға соғатынын білдірді. Педагогтердің 30%-ының пікірінше, олардың кәсіби құзыреттілігі балаларды оқытудағы қиындықтардың себептерін анықтау және олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау үшін жеткіліксіз.

Өз кезегінде, ЭЫДҰ деректері бойынша педагогтер балалардың қажеттіліктерін қанағаттандырмайтынын (61%) атап өткен Қазақстан Республикасы мектеп директорларының үлесі ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіштен 2 есе жоғары.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін педагогтерді даярлау және біліктілігін арттыру саласындағы қиындықтардан басқа, қоғамда ЕБҚ балаларға қатысты қоғамның теріс стереотиптері сақталады. Мәселен, ҰБА 2023 жылы жүргізген ғылыми зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысушылардың тек 50%-ы ЕБҚ адамдар (балалар) терминінің кеңейтілген қолданылуы туралы білімге ие.

Бұл ретте халықаралық тәжірибеге шолу инклюзивті білім беру тәжірибе іске асып жатқан елдерде оқыту сапасын арттыру, сондай-ақ үлгермеген білім алушылар мен мектепке бармайтындар үлесінің төмендеуі сияқты маңызды оң нәтиже байқалатынын көрсетеді.

Осыған байланысты педагогтердің басты міндеті – оқытуды жекелендіру, яғни баланың ерекшеліктеріне сәйкес оқу мазмұнын, әдістерін және оқу қарқынын бейімдеу. Заманауи мұғалімдерге әртүрлі оқу қиындықтары бар балалар топтарымен жұмыс істеу үшін технологияларды өз бетінше, шығармашылықпен және тиімді түрде таңдап, қолдана білу талабы қойылады. Алайда қазіргі таңда педагогтер әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге жеткілікті деңгейде дайын емес.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері педагогтердің кәсіби дамуын күшейту қажеттілігін көрсетеді, бұл олардың білім алушылардың әртүрлі білім беру қажеттіліктеріне жауап бере алуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты үздік инклюзивті тәжірибелерді өңіраралық және республикалық деңгейде тарату аясын кеңейту, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау қажет, оған инклюзивті ортада оқыту ерекшеліктерін зерттеу де кіруі тиіс.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге арналған педагогтердің біліктілігін арттыру курстары оқытудағы әмбебап дизайн қағидаттарын қамтуы тиіс (сараланған тапсырмаларды қолдана білу, оқу бағдарламаларын бейімдеу, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қажетті қолдау көрсету дағдыларын меңгеру).

2-БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ

Саламанка декларациясы инклюзивті білім беру бағыты бойынша жаһандық қозғалыстың бір бөлігі ретінде ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде әрекет етуге арналған нұсқаулық ұсынды. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, декларация ел үкіметтерін өздерінің білім беру жүйелері аясында инклюзивті білім беру бағдарламаларын ілгерілетуге, жоспарлауға, қаржыландыруға және мониторинг жүргізуге шақырды. 2006 жылы қабылданған БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы (The United Nations Convention on the Rights of Persons with Disabilities, CRPD) оны қол қойған 160-тан астам мемлекетті «мүгедектігі бар адамдарды өздері тұратын қауымдастықтарда басқа адамдармен тең құқықта инклюзивті, сапалы және тегін бастауыш және орта білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету» міндеттемесімен байланыстырды.

2022 жылы ЭЫДҰ жұмыс құжаты жарияланып, құжатта инклюзивті білім берудің әлеуметтік-экономикалық негіздеріне жүргізілген зерттеу нәтижелері ұсынылды. Аталған құжатта жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі мен оның жыл сайынғы өсу қарқыны тұрғысынан білім берудің ел деңгейінде кірістерді арттырудағы рөлі атап өтілген.

Дүниежүзілік банк те білім берудегі теңдік пен инклюзивтілік елдің жалпы өркендеуі мен тұрақты дамуы үшін қажетті екенін растайды. Дүниежүзілік банктің жаһандық даму туралы есебінде әділетті және инклюзивті білім беру неғұрлым әділ қоғам құрудың ең қуатты тетіктерінің бірі екені атап өтілген.

БҰҰ-ның 2009 жылы жарияланған есебіне сәйкес, әлем бойынша жүргізілген зерттеулердің, оның ішінде PISA нәтижелерінің негізінде жасалған қорытындыға сай, ең тиімді мектеп жүйелерінің ерекшелігі – олар білім беру мен барлық білім алушыларға қажетті қолдауды әртүрлі тәсілдер арқылы өз мойындарына алады.

Соңғы онжылдықтарда мектептерде инклюзивтілікті дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жеткен елдердің мысалдары барлық білім алушыларды жалпы білім беретін сыныптарда оқыту олардың академиялық жетістіктерін жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді. Инклюзивті білім беру жүйесі тек оқу сапасын арттырып қана қоймай, сонымен қатар білім алушыларда әртүрліліктің артықшылықтарын түсіну, ынтымақтастық дағдылары мен өзгелерге құрмет көрсету қабілеттерін қалыптастырады. Сонымен қатар оқшауланған оқу бағдарламалары балалар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастарды қалыптастыру мен қолдауға кедергі келтіріп, олардың білім алу мүмкіндіктерін шектейді.

Мысалы, Канада инклюзивті білім беру саласында әлемдік аренада көшбасшы болып саналады. Білім алу – адам құқығы, сондықтан барлық канадалық балалар білімге қол жеткізу мүмкіндігіне ие. Нью-Брансуик

провинциясында барлық білім алушылар жалпы оқу ортасында оқитын толық инклюзивті білім беру жүйесі жұмыс істейді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) 2015 жылы жариялаған Білім алушылардың білім жетістіктерін халықаралық бағалау бағдарламасының (PISA) нәтижелері бойынша, Нью-Брансуикті жеке мемлекет ретінде қарастырсақ, ол оқу бойынша әлемде 7-орын, жаратылыстану ғылымдары бойынша 10-орын және математика бойынша 19-орын алады. Бұл инклюзивті үлгілердің білім алушылардың жоғары академиялық жетістіктерін қамтамасыз ете алатынын дәлелдейді. Сонымен қатар Нью-Брансуик денсаулық сақтау кеңесінің деректері бойынша, білім алушылар жоғары деңгейдегі әлеуметтік қолдау көрсетіп, әлеуметтік байланыстылықтың күшті сезімін байқатады. Елде инклюзивті білім беруді ұлттық деңгейде дамытуға ықпал ететін ұйымдар жұмыс істейді, мысалы, *Inclusion Canada* және *The Canadian Research Centre on Inclusive Education*.

Шотландияның білім беру жүйесі барлық балалар мен жастар үшін, қосымша қолдау қажет ететіндерге де, қажет етпейтіндерге де арналған инклюзивті жүйе ретінде жасалған. 2017 жылы Шотландия үкіметі инклюзия презумпциясы бойынша жүргізген консультацияларында қосымша қолдау қажет ететіндердің өз сыныбының, мектебінің және кең қауымдастығының бір бөлігі ретінде табысқа жету мүмкіндігіне ие болуы тиіс екенін атап өтті. Инклюзия осы көзқарастың «орталық тірегі» болып табылады. Бұл инклюзивті тәсіл балалар мен жастарға өз қауымдастығында табысқа жетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар барлық балалар мен жастардың әртүрлілікті түсінуі мен мойындауын дамытып, неғұрлым әділетті қоғам құруға ықпал етеді. Шотландияның білім беру жүйесі 1974 жылы қабылданған Білім туралы заң (зияты зақымдалған балалар) уақытынан бері ұзақ жолдан өтті, ол әрбір баланы «оқытуға қабілетті» деп жариялады. Сол уақыттан бері инклюзияны қолдайтын бірқатар саясаттар мен заңдар қабылданды. Centre for Research in Education, Inclusion and Diversity (CREID) ұйымы Эдинбург университеті жанында жұмыс істейді және барлық жастағы адамдар үшін инклюзия, оқшаулау және әртүрлілік мәселелерін зерттейді. Бұл зерттеулер білім беру мен оған байланысты әлеуметтік саясат салаларында – оқыту, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыруда жүзеге асырылады.

Америка Құрама Штаттарында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) білім алушылар 1974 жылдан бастап «ең аз шектеу қоятын ортада тегін және лайықты мемлекеттік білім алу» құқығына мемлекеттік деңгейде ие болды. Мүгедектігі бар және жоқ адамдардың білім беруін реттейтін заңнаманың кейінгі жетілдірулері инклюзивті ортаның артықшылықтарын көрсетті, бұл ЕБҚ балаларға олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін «ең аз шектеу қоятын ортада» білім алу құқығын берді. Бұл стандарттар ЕБҚ балалардың жалпы білім беретін сыныптарға қатысу үлесінің артуына ықпал етті. Мысалы, 1989 жылдан

бері зияты зақымдалған америкалық білім алушылардың 40% және одан да көп оқу уақытын жалпы сыныпта өткізетін үлесі 27%-дан 44%-ға дейін өсті.

Осылайша, әлемнің көптеген елдері ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) адамдарды қолдауға міндеттеме қабылдады. Ғылыми-зерттеу әдебиеттеріне жүргізілген көптеген жүйелі шолулар көрсеткендей, жалпы білім беретін сыныптарда оқыған ЕБҚ білім алушылар оқшауланған ортада білім алған білім алушылармен салыстырғанда жоғары академиялық жетістіктерге жеткен.

Зерттеуші Шифтердің (Schifter, 2015) зерттеу нәтижелері бойынша, ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) білім алушылар толық инклюзивті ортада оқығанда мектеп бағдарламасын уақытында аяқтау ықтималдығы оқшауланған ортада оқитын білім алушыларға қарағанда бес есе жоғары болған. Баер және оның әріптестері (Baer et al., 2011) жүргізген АҚШ-тағы 400-ден астам зияткерлік немесе күрделі бұзылыстары бар оқушыларға қатысты зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру ортасында оқыған оқушылардың колледжге түсу ықтималдығы оқшауланған ортада оқыған құрдастарына қарағанда екі есе жоғары екенін көрсетті. Вагнер және оның әріптестері (Wagner et al., 1993) толық инклюзия жағдайында жалпы білім беру процесіне толық қатысқан ЕБҚ оқушылардың жоғары сыныпты бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігі 11%-ға жоғары болғанын атап өтті. Сонымен қатар олар оқшауланған ортада оқу уақытының 50%-дан азын өткізген оқушылармен салыстырғанда жылына шамамен 2100 АҚШ долларына артық табыс тапқан.

Зерттеушілер Бакли және оның әріптестері (Buckley et al., 2006) жүргізген бағалау нәтижелері бойынша, жалпы білім беру процесіне тартылған ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) оқушылар оқшауланған ортада оқитын құрдастарынан экспрессивті сөйлеу қабілеті бойынша шамамен екі жарым жылға, ал оқу, жазу және сауаттылық бойынша үш жылдан астам озық болған.

Жалпы білім беретін мектептерде оқитын балалардың сөздік қоры арнайы мектептердегі құрдастарымен салыстырғанда бір жарым жылға алда болса, грамматикалық ережелерді түсіну деңгейі бойынша тоғыз айға алда болған. Лавс және оның әріптестері (Laws et al., 2000) зерттеу қорытындысы бойынша, жалпы білім беру ортасында Даун синдромы бар балаларға көбірек түсіндіру нұсқаулары беріледі, бұл олардың сөйлеу және есте сақтау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Сауд Арабиясындағы бастауыш мектептерде жүргізілген зерттеу нәтижелері ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) құрдастарға деген көзқарасты жақсартуда бірлескен іс-шаралардың оң әсерін көрсетеді. Зерттеуші Әл Нахди және оның әріптестері (Alnahdi et al., 2021) жалпы білім беретін сыныптарда оқитын және бұрын ЕБҚ балалармен қарым-қатынас жасаған оқушылардың олардың құрдастарына деген көзқарасы анағұрлым жағымды екенін атап өтті. Бұл әсіресе қыздар арасында айқын байқалады және бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндіктерін жасаудың маңыздылығын көрсетеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларды оқыту процесіне қосу бүкіл оқушылар (тәрбиеленушілер) үшін пайдалы оқыту тәжірибелерін жетілдіруге ықпал етеді. Зерттеушілер Шарма және оның әріптестері (Sharma et al., 2008) мұғалімнің көзқарасы инклюзивті практиканың барлық оқушыларға пайдалы болуына негізгі рөл атқаратынын атап көрсетеді. Инклюзияға оң көзқараспен қарайтын педагогтер өз жұмысына өзгерістер енгізіп, инклюзивті білім беруден барлық оқушылардың пайда көру мүмкіндігін арттырады. Сонымен қатар мұндай педагогтер әріптестеріне де оң әсер етіп, оларды ынтымақтастыққа және ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеу тәжірибесімен алмасуға ынталандырады.

Шваб (Schwab, 2015) жүргізген зерттеу нәтижелері ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларды жалпы білім беретін сыныптарға қосу олардың әлеуметтік дағдыларына оң әсер ететінін көрсетеді. Канадада оқу қиындықтары бар балаларға жүргізілген зерттеуде зерттеушілер Виенер және оның әріптестері (Wiener, 2004) негізінен жалпы білім беру ортасында (қосымша қолдаумен немесе онсыз) оқыған оқушылардың құрдастары тарапынан көбірек қабылданатынын, әлеуметтік қарым-қатынастары жақсырақ болатынын, жалғыздық сезімі төменірек болатынын және арнайы сыныптар немесе арнайы мектептерде оқитын осындай балалармен салыстырғанда мінез-құлықтары жақсырақ болатынын анықтаған.

Инклюзияның әсері кейінірек, жұмыс орнында байқалады. Бразилиялық, испандық, америкалық және канадалық компаниялар мен мекемелерде жүргізілген зерттеу барысында McKinsey & Company консалтинг агенттігінің қызметкерлері Даун синдромы бар адамдарды кәсіби командаға қосу корпоративтік мәдениет пен ортаға оң әсер ететінін анықтады. Бұл қақтығыстарды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етіп, қызметкерлердің ішкі мотивациясын арттырады.

Жоғарыда сипатталған халықаралық тәжірибе ерекше беруді қажет ететін (ЕБҚ) оқушыларды жалпы білім беру жүйесіне қосу мектептің кәсіби дамуына және ерекше қажеттіліктері жоқ оқушылардың оқу жетістіктеріне оң әсер ететінін көрсетеді. Инклюзивті практикаларды тиімді енгізіп жатқан мектептерде дәстүрлі оқшауланған сыныптар икемді құрылымдармен алмастырылып, мектеп қызметкерлерінің өзара әрекеттесуін жеңілдетеді. Бұл педагогтерге әрбір оқушының нақты қажеттіліктеріне бағытталған үйлестірілген тәсілдерді дамытуға мүмкіндік береді. Педагогтер ЕБҚ оқушыларды қолдау үшін дамытатын дағдылар мен қабілеттер педагогтерге барлық оқушылардың жеке қажеттіліктерімен тиімді жұмыс істеуге көмектеседі.

Осылайша, жоғарыда аталған ғылыми зерттеу нәтижелері инклюзия барлық балалардың когнитивтік және әлеуметтік дамуына маңызды артықшылықтар бере алатынын дәлелді түрде негіздейді.

3-БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Нұсқаулық барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларға қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін жағдай жасауды мақсат етеді. Ол мектеп басшыларының, педагогтердің және мамандардың негізгі жұмыс бағыттарын реттейді, тең құқықтар мен мүмкіндіктер қағидатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және жан-жақты даму мен сапалы білім алуға жағдай жасайды. Сонымен қатар бұл Нұсқаулық инклюзивті қоғамды қалыптастыру үшін инклюзивті білім берудің маңыздылығын атап көрсетеді. Мұнда әрбір адамның ерекшеліктері даму әлеуеті мен қоғамды байытатын құндылық ретінде қарастырылады.

Нұсқаулық кез келген баланы білім беру процесіне қабылдауға әсер ететін негізгі факторларды терең түсінуге негізделген. Нұсқаулықты іске асыру инклюзивті білім беру жүйесін құруға мүмкіндік береді, балалардың тұрғылықты жеріне жақын орналасқан ұйымдарда білім алу құқығын қамтамасыз етеді және әр баланың білім беру қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін жағдайлар жасайды.

Нұсқаулықтың мақсаты

Жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктеріне қарамастан барлық балалар үшін сапалы оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін инклюзивті білім берудің тұрақты жүйесін құру.

Нұсқаулықтың міндеттері

1) білім беру ұйымдарына балалардың білім беру қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін және олардың әлеуетін ашатын жағдайлар жасай отырып, тұрғылықты жері бойынша сапалы білім алуға барлық балалардың құқықтарын қамтамасыз ету бойынша әдістемелік қолдау көрсету;

2) әрбір білім алушының (тәрбиеленушінің) білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, мектептің барлық балалар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету және оқу бағдарламаларын бейімдеу;

3) оқушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру қажеттіліктеріне қарамастан, өзара құрмет сезімін қалыптастыру;

4) ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалармен жұмыс істеуге арналған инновациялық педагогикалық технологияларды әзірлеу және енгізу;

5) ЕБҚ балалармен жұмыс істеу бойынша педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру;

6) ЕБҚ балалармен жұмыс істеу тәжірибесі мен педагогикалық практикалармен алмасу;

7) оқушыларға, соның ішінде ЕБҚ балаларға, оқытудың барлық кезеңдерінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

8) ЕБҚ оқушылармен кәсіби бағдарлау жұмысын одан әрі дамыту;

9) педагогикалық және ата-аналар қауымдастығының өзара әрекетін нығайту.

Нұсқаулықтың қағидаттары

1) ғылымилық: нәтижелерді талдау және мониторинг жүргізу, қолданылатын технологиялардың тиімділігін бағалау;

2) жүйелілік: ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (адамдарға) барлық деңгейлерде сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;

3) кешенділік: білім беру процесіндегі барлық қарым-қатынас аспектілеріне әсер ету;

4) қолжетімділік: барлық оқушылар (тәрбиеленушілер) үшін, оның ішінде кедергісіз орта құру арқылы оңтайлы жағдайлар жасау;

5) вариативтілік: оқушыға бағытталған оқу процесі, ол психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетумен үйлеседі;


6) ерекшеліктерге құрмет көрсету: оларды рухани даму мен қоғамды байытуға ықпал ететін факторлар ретінде тану;

7) әрбір оқушының (тәрбиеленушінің) ерекшеліктерін ескеру: білім беру процесінде жеке қажеттіліктерді назарға алу;

8) ата-аналар қауымдастығын кеңінен тарту: инклюзивті мәдениетті қалыптастыру процесіне белсенді қатыстыру;

9) ведомствоаралық ынтымақтастық: ЕБҚ оқушыларды қоғамға интеграциялау үшін түрлі ведомстволар мен әлеуметтік институттардың іс-қимылдарын үйлестіру.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫ



1-АСПЕКТ. ИНКЛЮЗИВТІ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

Инклюзивті саясат – білім беру ұйымының бірыңғай стратегиясы, ол білім алушылардың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуге және сақтауына, оларды қоғамға интеграциялауға, сондай-ақ инклюзивті қоғамның құндылықтарын қолдауға бағытталған.

Тиісінше, инклюзивті саясатты білім беру процесінде жүзеге асыру кезінде білім беру ұйымы әкімшілігінің алдында бірнеше мәселелер туындайды:

1) білім беру ұйымдарында барлық балалар үшін оқу және даму үшін тең жағдайларды қалай жасауға болады?

2) ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалармен жұмыс істейтін педагогтерге қалай көмектесуге болады?

3) инклюзивті саясаттың білім беру процесінің барлық қатысушылары тарапынан сақталуын қамтамасыз ету үшін не істеу керек?

Аталған мәселелерді шешу үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

Инклюзивті білім беру ортасын құру

1) Кедергісіз физикалық орта. Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалар үшін қолжетімді білім беру кеңістігі (ғимаратқа кіру, ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдары, санитариялық-гигиеналық бөлмелер, ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар)

2) Ресурстар. Арнайы ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар (дыбыстық хабарлағыштар мен бағыттаушылардың, жедел ақпаратты шығару үшін жарықтық мәтіндік тақталардың болуы); арнайы оқу-әдістемелік қамтамасыз ету (оқу әдебиеті, оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар, Брайль қарпімен жазылған оқулықтар).

3) ЕБҚ балаларды оқытудың барлық кезеңдерінде қолдау көрсету. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚҚ) мамандары балаларға жеке көзқарас негізінде тұрақты көмек көрсетеді.

Кадрлық қамтамасыз ету

1) Дайындалған кадрлармен қамтамасыз ету: педагогтер, арнайы педагогтер (дефектолог мұғалім, дефектолог, логопед мұғалім, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), педагог-психолог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент. Сонымен қатар инклюзивті білім беру бойынша қайта даярлаудан өткен, тәжірибеден өткен және инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарда тағылымдамадан өткен мамандарды тарту.

2) Менторлық пен тәлімгерлікті кеңінен енгізу: жас мамандарға арналған кіріспе тренингтер өткізу, сабақтарды бірлесіп жоспарлау, тәжірибе және сәтті практикалармен алмасу.

3) Педагогтер мен мамандардың біліктілігін арттыру: инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша кәсіби деңгейін көтеру.

Инклюзивті саясатты жүзеге асыру бойынша білім беру ұйымы қызметінен күтілетін нәтижелер

1) инклюзивті білім беру мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттардың болуы;

2) инклюзивті практикаларды енгізуді көрсететін жергілікті құжаттардың болуы (Нұсқаулықты іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚҚ) жұмыс жоспары, мамандардың лауазымдық нұсқаулықтары, ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалардың тізімдері, жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламалары, педагогикалық кеңестердің хаттамалары, ППҚҚ отырыстарының хаттамалары, ата-аналар жиналыстарының хаттамалары және басқа да құжаттар);

3) білім берудің қолжетімділігін арттыру: білім беру ұйымдарының ғимараттарындағы архитектуралық және ұйымдастырушылық кедергілерді жою, сондай-ақ оқу материалдары мен ресурстарының қолжетімділігін жақсарту;

4) инклюзивті білім беру ортасын құру: әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасап, қолдау көрсету арқылы барлық оқушылардың білім беру процесіне тең қатысуын қамтамасыз ету;

5) педагогтердің кәсіби білімін және дағдыларын арттыру: ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша мамандардың біліктілігін жоғарылату;

6) ЕБҚ балалардың келесі білім беру деңгейіне немесе басқа оқу ортасына сәтті көшуі: оқыту деңгейлері арасындағы үздіксіз байланысты қамтамасыз ету;

7) психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тиімді жұмыс істеуі: білім беру ұйымында оқушыларды жан-жақты қолдауды ұйымдастыру.

8) ресурстарды тиімді басқару: ЕБҚ балаларды оқыту процесінде білім беру ресурстары мен технологияларын ұтымды пайдалану.

2-АСПЕКТ. ИНКЛЮЗИВТІ ТӘЖІРИБЕНІ ДАМУ

Инклюзивті практика – бұл барлық оқушылар үшін қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құру, оның икемділігі мен вариативтілігі негізінде әрбір оқушының (тәрбиеленушінің) жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Сәйкесінше, инклюзивті саясатты әзірлеу кезіндегідей, білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогтері инклюзивті практиканы дамыту

барысында да іс-шараларды жүзеге асыру кезінде шешілуі тиіс бірқатар мәселелерге тап болады:

1) Педагогтер әр баланың қажеттіліктерін қалай тиімді анықтап, ескеруі керек?

2) Оқу материалдарын бейімдеу үшін педагогтер қандай стратегиялар мен әдістерді қолдана алады?

3) Кері байланыс алу мен бағалаудың қай тәсілдері оқу және тәрбие процесін жақсартуға көмектеседі?

Аталған мәселелерді шешу үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

ОҚУ ПРОЦЕСІН БЕЙІМДЕУ

1) Оқу бағдарламаларын бейімдеу. Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша педагогтердің құзыреттерін кеңейту. Жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу. Балалардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін қанағаттандыру үшін жеке және сараланған оқыту тәсілін қолдану.

2) Оқытудағы әмбебап дизайнды енгізу. Әртүрлі дайындық деңгейлері мен балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу материалдарын бейімдеу бойынша тұрақты шеберлік сабақтарын өткізу.

ИНКЛЮЗИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

1) Цифрлық ресурстарды пайдалану. Ерекше білім беру қажеттіліктері мен оқушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру процесін бейімдеуге көмектесетін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоса алғанда, цифрлық ресурстарды қолдану;

2) «Бірге үйренеміз» жобасы. Әр түрлі жастағы және дайындық деңгейіндегі балалар бір-біріне белсенді түрде білім беріп, білім мен дағдылар алмасатын өзара оқыту бағдарламаларын енгізу (3-қосымша).

3) «Серіктестік» жобасы. Коучинг-сессиялар: педагогтердің өзара оқытуы, онда олар ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларды оқыту және тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерімен бөліседі (3-қосымша).

Инклюзивті практиканы дамыту бойынша білім беру ұйымы қызметінің күтілетін нәтижелері

1) білім беру ұйымы тарапынан барлық оқушыларға (тәрбиеленушілерге) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып,

сапалы білім алу және тәрбие үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

2) білім беру ұйымы тарапынан оқушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі мен жетістіктерін жүйелі түрде мониторингілеу;

3) жеке оқушының (тәрбиеленушінің) үлгерімі ілгерілеуін өлшеу мақсатында бағалауды жекелеу;

4) білім беру ұйымының инклюзивті практикаларды енгізу процесіне қатысатын әртүрлі құрылымдар мен ұйымдармен ынтымақтастығы;

5) ЕБҚ түлектердің жұмыспен қамтылу үлесін арттыру және техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары оқу орындарына түсуін қамтамасыз ету.

3-АСПЕКТ. ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Инклюзивті мәдениет – бұл әрбір адам өзін қабылданған, құрметтелген және қолдау тапқан сезінетін орта құруға бағытталған құндылықтар, сенімдер, нормалар мен практикалар жүйесі, ол адамның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарамастан жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогтері инклюзивті мәдениетті қалыптастыру кезінде тап болатын өзекті мәселелер:

1. Қоғамда инклюзивті құндылықтарды қабылдауға кедергі келтіретін қандай стереотиптер бар?

2. Педагог инклюзия қағидаттарын күнделікті тәжірибесіне қалай енгізе алады?

3. Білім беру процесінің барлық қатысушыларын – педагогтерді, балаларды және ата-аналарды инклюзивті мәдениетті қалыптастыру процесіне қалай тартуға болады?

Аталған мәселелерді шешуге ықпал ететін іс-шаралар.

ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

1) «Сені көргенімізге қуаныштымыз!» жобасы. Жаңадан келгендерге арналған бағдарлама, оған мектеп бойынша экскурсиялар, мұғалімдермен және сынып жетекшісімен танысу, сондай-ақ бейімделуге арналған интерактивті сабақтар кіреді (3-қосымша).

2) «Бәріміз бірдейміз» жобасы. Шеберлік сыныптар, тренингтер, интерактивті сабақтар мен пікірталастар. Инклюзияның маңызы мен оның артықшылықтары туралы бейнероликтер, мақалалар және подкасттар жасау (3-қосымша).

3) «Көзқарасты өзгертетін фильмдер» жобасы. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың мәселелері мен жетістіктері туралы бейне/кинофильмдер көрсету (3-қосымша).

4) «Аутизм – бізбен бірге» жобасы. Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күніне арналған апталық іс-шараларды өткізу (3-қосымша).

ПОЗИТИВТІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЛИМАТ ҚҰРУ

1) «Бірге уақыт өткізейік» жобасы. Ұжымшылдықты, достықты және эмпатияны дамытуға ықпал ететін ойындар, рөлдік жаттығулар, спектакльдер қою және тренингтер (3-қосымша).

2) «Отбасы және мектеп» жобасы. Бірлескен іс-шаралар: «Балаңа үлгі бол», «Күлімдеу жүректі жылытады» (3-қосымша).

3) «Келіссөздер үстелі» жобасы. Білім алушылар, педагогтер және ата-аналар инклюзия мәселелерін талқылап, отбасындағы және мектептегі психологиялық ахуалды жақсарту бойынша тәжірибе және идеялармен бөліседі (3-қосымша).

Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша білім беру ұйымы қызметінің күтілетін нәтижелері

1) білім беру процесіне қатысушылардың білім беру қажеттіліктерінің алуан түрлілігін құрметтеуді қалыптастыру – бұл мәдени іс-шараларды өткізу, жобаларды жүзеге асыру және білім беру бастамаларын іске асыру арқылы білім беру ұйымының қызметкерлері арасында құрмет сезімін дамыту;

2) ЕБҚ білім алушыларды оқушы өзін-өзі басқару жүйесіне кеңінен тарту – ЕБҚ балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

3) ЕБҚ білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) білім беру процесіне қосу мәселелері бойынша ата-аналармен (немесе өзге де заңды өкілдермен) ынтымақтастықты нығайту;

4) Инклюзивті мәдениетті қалыптастыруда білім беру ұйымының қызметіне қоғамды тарту – әлеуметтік серіктестермен, үкіметтік емес ұйымдармен және қоғам өкілдерімен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру.

Ескерту:

Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру аясында (жоғары оқу орындарын қоспағанда) білім беру ұйымдарында жоспарланады.

Нұсқаулықты іске асыру бойынша білім беру ұйымының қызметін бағалауға арналған индикаторлар мен көрсеткіштер

Облыстық деңгей

1. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта құрған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі

(2025 жыл – 20 %, 2026 жыл – 30 %, 2027 жыл – 40 %, 2028 жыл – 50 %, 2029 жыл – 60 %, 2030 жыл – 80 %):

1.1) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санына шаққанда кедергісіз физикалық қолжетімділікті қамтамасыз еткен мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі (4-қосымша);

1.2) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға/тәрбиеленушілерге арналған оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.3 Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан педагогтердің кемінде 50%-ы инклюзивті білім беру курстарынан өткен мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.4) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан педагог-психологтармен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.5) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан әлеуметтік педагогтермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.6) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан педагог-ассистенттермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.7) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан арнайы педагогтермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.8) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан арнайы (дефектологиялық) білімі бар (арнайы педагог болып табылмайтын) педагогтермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.9) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі.

1.10) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан ЕБҚ балаларды қолдау кабинеттері жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі

Ескертпе:

а) көрсетілген индикаторларға қол жеткізу үшін «Бәлім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің м. а. 12.07.2024 жылғы № 178 бұйрығын басшылыққа алу қажет.

б) көрсеткішті есептеу:

9-10 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды

оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта толығымен жасалған;

5-8 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта ішінара жасалған;

2-4 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта негізінен жасалмаған.

2. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта құрған орта білім беру ұйымдарының үлесі

(2025 жыл – 30 %, 2026 жыл – 40 %, 2027 жыл – 50 %, 2028 жыл – 60 %, 2029 жыл – 70 %, 2030 жыл – 80 %):

2.1) Орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда кедергісіз физикалық қолжетімділікті қамтамасыз еткен орта білім беру ұйымдарының үлесі (4-қосымша);

2.2) Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар/тәрбиеленушілер үшін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққандағы үлесі;

2.3) Орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагогтердің кемінде 50 %-ы инклюзивті білім беру бойынша курстардан өткен орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.4) Орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагог-психологтармен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.5) Орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан әлеуметтік педагогтермен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.6) орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагог-ассистенттермен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.7) орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан арнайы педагогтермен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.8) орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда арнайы (дефектологиялық) білімі бар педагогтермен қамтамасыз етілген ұйымдардың үлесі (арнайы педагог болмаған жағдайда);

2.9) негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейтін ұйымдардың үлесі;

2.10) Жалпы орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеттері жұмыс істейтін ұйымдардың үлесі.

Ескерту:

а) аталған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 178 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жағдайларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» нұсқаулықты басшылыққа алу қажет.

б) көрсеткішті есептеу:

9-10 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта толығымен жасалған;

5-8 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта ішінара жасалған;

2-4 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта негізінен жасалмаған.

3. Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта құрған техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі

(2025 жыл – 20 %, 2026 жыл – 30 %, 2027 жыл – 40 %, 2028 жыл – 50 %, 2029 жыл – 60 %, 2030 жыл – 80 %)

3.1) Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда кедергісіз физикалық қолжетімділікті қамтамасыз еткен ұйымдардың үлесі (4-қосымша):

3.2) Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар/тәрбиеленушілер үшін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.3) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагогтердің кемінде 50% инклюзивті білім беру бойынша курстардан өткен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.4) педагог-психологтармен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.5) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан әлеуметтік педагогтермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагог-ассистенттермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан арнайы педагогтермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің жалпы санынан арнайы (дефектологиялық) білімі бар (арнайы педагогтар болып табылмайтын) педагогтермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.9) Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейтін ұйымдардың үлесі.

Ескерту:

а) аталған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 178 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жағдайларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» нұсқаулықты басшылыққа алу қажет.

б) көрсеткішті есептеу:

9-10 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта толығымен жасалған;

5-8 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта ішінара жасалған;

2-4 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта негізінен жасалмаған.

Аудандық (қалалық) деңгей

1.1) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санына шаққанда кедергісіз физикалық қолжетімділікті қамтамасыз еткен мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі (4-қосымша);

1.2) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға/тәрбиеленушілерге арналған оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.3) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан педагогтердің кемінде 50%-ы инклюзивті білім беру курстарынан өткен мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.4) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан педагог-психологтармен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.5) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан әлеуметтік педагогтермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.6) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан педагог-ассистенттермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.7) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан арнайы педагогтермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.8) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан арнайы (дефектологиялық) білімі бар (арнайы педагог болып табылмайтын) педагогтермен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі;

1.9) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі.

1.10) Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан ЕБҚ балаларды қолдау кабинеттері жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі

Ескерту: аталған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 178 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жағдайларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» нұсқаулықты басшылыққа алу қажет.

Ескертпе:

а) көрсетілген индикаторларға қол жеткізу үшін «Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің м. а. 12.07.2024 жылғы № 178 бұйрығын басшылыққа алу қажет.

б) көрсеткішті есептеу:

9-10 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта толығымен жасалған;

5-8 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта ішінара жасалған;

2-4 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта негізінен жасалмаған.

2. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта құрған орта білім беру ұйымдарының үлесі

(2025 жыл – 30 %, 2026 жыл – 40 %, 2027 жыл – 50 %, 2028 жыл – 60 %, 2029 жыл – 70 %, 2030 жыл – 80 %):

2.1) Орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда кедергісіз физикалық қолжетімділікті қамтамасыз еткен орта білім беру ұйымдарының үлесі (4-қосымша);

2.2) Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар/тәрбиеленушілер үшін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққандағы үлесі;

2.3) Орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагогтердің кемінде 50 %-ы инклюзивті білім беру бойынша курстардан өткен орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.4) Орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагог-психологтармен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.5) Орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан әлеуметтік педагогтермен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.6) орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагог-ассистенттермен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.7) орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан арнайы педагогтермен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының үлесі;

2.8) орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда арнайы (дефектологиялық) білімі бар педагогтермен қамтамасыз етілген ұйымдардың

үлесі (арнайы педагог болмаған жағдайда);

2.9) негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейтін ұйымдардың үлесі;

2.10) Жалпы орта білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеттері жұмыс істейтін ұйымдардың үлесі.

Ескерту:

а) аталған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 178 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жағдайларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» нұсқаулықты басшылыққа алу қажет.

б) көрсеткішті есептеу:

9-10 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта толығымен жасалған;

5-8 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта ішінара жасалған;

2-4 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта негізінен жасалмаған.

3. Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта құрған техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі

(2025 жыл – 20 %, 2026 жыл – 30 %, 2027 жыл – 40 %, 2028 жыл – 50 %, 2029 жыл – 60 %, 2030 жыл – 80 %)

3.1) Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда кедергісіз физикалық қолжетімділікті қамтамасыз еткен ұйымдардың үлесі (4-қосымша):

3.2) Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар/тәрбиеленушілер үшін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.3) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагогтердің кемінде 50% инклюзивті білім беру бойынша курстардан өткен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.4) педагог-психологтармен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.5) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру

ұйымдарының жалпы санынан әлеуметтік педагогтермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан педагог-ассистенттермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан арнайы педагогтермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің жалпы санынан арнайы (дефектологиялық) білімі бар (арнайы педагогтар болып табылмайтын) педагогтермен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлесі;

3.9) Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санына шаққанда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейтін ұйымдардың үлесі.

Ескерту:

а) аталған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 178 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жағдайларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» нұсқаулықты басшылыққа алу қажет.

б) көрсеткішті есептеу:

9-10 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта толығымен жасалған;

5-8 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта ішінара жасалған;

2-4 көрсеткіштің болуы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта негізінен жасалмаған.

НҰСҚАУЛЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРУ АЛГОРИТМІ

I Кезең

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – ҚР ОАМ), Ыбырай Алтынсарин атындағы ҰБА білім басқармаларының мамандарымен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) әдіскерлерімен нұсқаулықты түсіндіру бойынша әдістемелік-нұсқаулық кеңестер өткізеді.

II кезең

Білім басқармалары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әдістемелік орталықтары (кабинеттері) мектепке дейінгі

ұйымдардың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарының (бұдан әрі-білім беру ұйымдары) әкімшіліктерімен, педагогтерімен бағдарламаны түсіндіру бойынша әдістемелік-нұсқаулық кеңестер өткізеді.

III кезең

Білім беру ұйымдарының әкімшіліктері педагогикалық кеңестердің отырыстарында Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын (бұдан әрі – Жоспар) қарайды және бекітеді.

IV кезең

Білім басқармалары мен бөлімдері білім беру ұйымдарының Жоспардың орындалуы бойынша тоқсан сайынғы мониторинг (бұдан әрі – Мониторинг) жүргізеді.

V Кезең

Білім басқармалары мониторинг қорытындыларын ҚР ОАМ Инклюзивті және арнайы білім департаментіне жыл сайын 25 мамырға (2026 жылдан бастап), 25 желтоқсанға (2025 жылдан бастап) қарай жібереді.

**«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы»
2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі нұсқаулықты
іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шара	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Аяқтау формасы
1	2	3	4	5
Ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету				
1	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың облыстық әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) әдіскерлері үшін Нұсқаулықты түсіндіру бойынша кеңестер өткізу	ҚР ОАМ, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы	2025 жылғы тамыз	Жиналыс хаттамалары, қатысушыларға арналған түсіндіру материалдары
2	Мектепке дейінгі ұйымдардың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының әкімшілігі, педагогтері үшін Нұсқаулықты түсіндіру бойынша кеңестер өткізу	Білім басқармалары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әдістемелік орталықтары	2025 жылғы тамыз	Жиналыс хаттамалары, қатысушылар үшін түсіндіру материалдары

		(кабинеттері)		
3	Нұсқаулықты іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	Білім беру ұйымдарының әкімшілігі	2025 жылғы қыркүйек	Іс-шаралар жоспары
4	Аудандық, қалалық білім бөлімдері деңгейінде Нұсқаулықты іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша білім беру ұйымдарына тоқсан сайын мониторинг жүргізу	Білім басқармалары, қалалық және аудандық білім бөлімдері, білім беру ұйымдары	Тоқсан сайын 2025 жылдың қазан айынан бастап тоқсаннан кейінгі 10-шы күні, 2025 жылдың қазанынан бастап	ББ-дағы мониторинг нәтижелері туралы ақпарат
5	Нұсқаулықты іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша білім беру ұйымдары мониторингінің қорытындыларын жинақтау	Білім басқармалары	Жыл сайын, 25 мамырға дейін (2026 жылдан бастап) 25 желтоқсанға дейін (2025 жылдан бастап)	Оқу-ағарту министрлігіндегі мониторинг нәтижелері туралы ақпарат
1-аспект. Инклюзивті саясатты іске асыру				
6	Білім беру ұйымдарында кедергісіз орта құру және оқу	ЖАО, білім беру ұйымдарының	Тоқсан сайын тоқсаннан кейінгі 10-	Білім басқармаларына білім беру ұйымдарында кедергісіз орта

	орындарын бейімдеу	әкімшілігі	шы күні (2025 жылдың қазан айынан бастап)	құру және оқу орындарын бейімдеу туралы ақпарат
7	Білім беру ұйымдарын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен, оның ішінде ЕБҚ балаларға арналған кешендермен қамтамасыз ету	ҚР ОАМ, Білім басқармалары, қалалық және аудандық білім бөлімдері, білім беру ұйымдары	Жыл сайын, 1 тамызға дейін, 2026 жылдың 1 тамызынан бастап	ҚР ОАМ және білім басқармаларына білім беру ұйымдарының оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен, оның ішінде ЕБҚ балалар үшін қамтамасыз етілуі туралы ақпарат
8	ЕБҚ балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша білім беру ұйымдарының ППҚҚ қызметінің мониторингі	Білім басқармалары, қалалық және аудандық білім бөлімдері, білім беру ұйымдарының әдістемелік орталықтары (кабинеттері)	Жыл сайын, 1 маусымға дейін	ҚР ОАМ-ға ақпарат
9	Педагогикалық колледждер мен ЖОО студенттері үшін мектепке дейінгі және жалпы	Білім басқармалары, қалалық және аудандық білім	Жыл сайын, 1 қыркүйекке дейін, 2026 жылдың 1	Колледждер немесе жоғары оқу орындары және

	орта білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру бойынша педагогикалық практика базасын ұйымдастыру	бөлімдері, білім беру ұйымдары, оның ішінде жоғары білім беру ұйымдары (келісім бойынша)	қыркүйегінен бастап Жыл сайын, 25 мамырға дейін	мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумдар Колледждер немесе жоғары оқу орындары және мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумдардың іске асырылу барысы туралы есептер
10	Білім беру ұйымдарында инклюзивті практикаларды іске асыру бойынша жас педагогтарға тәлімгерлік және	Мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру	Жыл сайын, 1 қыркүйекке дейін, 2026 жылдың 1	Білім басқармаларына білім беру ұйымдарында тәлімгерлік пен тәлімгерлікті ұйымдастыру қорытындылары туралы

	тәлімгерлік ұйымдастыру	ұйымдары, әдістемелік орталықтар (кабинеттер)	қыркүйегінен бастап	аудандар мен қалалардың білім бөлімдерінің ақпараты
11	Инклюзивті білім беру жағдайында ЕБҚ балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтер мен мамандардың біліктілігін арттыру	Білім басқармалары, қалалық және аудандық білім бөлімдері, білім беру ұйымдарының әдістемелік орталықтары (кабинеттері)	Жыл сайын, оқу жылының қорытындысы бойынша	Білім басқармаларына білім беру органдары мен ұйымдарының ақпараты
2-аспект. Инклюзивті тәжірибені дамыту				
12	Білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша педагогтердің құзыреттерін кеңейту	Әдістемелік орталықтар (кабинеттер), БАИ	Тұрақты түрде	Білім басқармаларына білім беру органдары мен ұйымдарының ақпараты
13	Білім беру ұйымдарын психологиялық-педагогикалық	қалалық және аудандық білім	Жыл сайын, 25	Білім басқармаларына қалалық және аудандық білім бөлімдері,

	қолдау қызметтерінің қызметіне мониторинг жүргізу	бөлімдері, әдістемелік орталықтар (кабинеттер)	мамырға дейін	білім беру ұйымдарының ақпараты
14	Инклюзивті білім беру ортасында цифрлық ресурстар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану	білім беру ұйымдары	Оқу жылы ішінде	Білім басқармаларына қалалық және аудандық білім бөлімдері, білім беру ұйымдарының ақпараты
15	«Бірге үйренеміз» жобасын іске асыру	білім беру ұйымдары	Оқу жылы ішінде	БАҚ және әлеуметтік желілерде жобаның іске асырылу барысын жариялау
16	«Серіктестік» жобасын іске асыру	білім беру ұйымдары	Оқу жылы ішінде	БАҚ және әлеуметтік желілерде жобаның іске асырылу барысын жариялау
3-аспект. Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру				
17	Мүмкіндіктері шектеулі балалардың (адамдардың) мәселелері туралы халықты	Білім беру органдары мен	Жыл сайын	БАҚ және әлеуметтік желілерде іс-шаралардың іске асырылу

	ақпараттандыруға және инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға арналған іс- шаралар өткізу	ұйымдары		барысын жариялау
18	«Сені көргенімізге қуаныштымыз!» жобасын іске асыру	білім беру ұйымдары	Жыл сайын, қыркүйекте	БАҚ және әлеуметтік желілерде жобаның іске асырылу барысын жариялау
19	«Бәріміз бірдейміз» жобасын іске асыру	білім беру ұйымдары	Жыл сайын, қыркүйекте	БАҚ және әлеуметтік желілерде жобаның іске асырылу барысын жариялау
20	«Көзқарасты өзгертетін фильмдер» жобасын іске асыру	білім беру ұйымдары	Оқу жылы ішінде	БАҚ және әлеуметтік желілерде жобаның іске асырылу барысын жариялау

21	«Бірге уақыт өткізейік» жобасын іске асыру	білім беру ұйымдары	Оқу жылы ішінде	БАҚ және әлеуметтік желілерде жобаның іске асырылу барысын жариялау
22	«Отбасы және мектеп» жобасын іске асыру	білім беру ұйымдары	Оқу жылы ішінде	БАҚ және әлеуметтік желілерде жобаның іске асырылу барысын жариялау

23	«Аутизм – бізбен бірге» жобасын жүзеге асыру	білім беру ұйымдары	Жыл сайын, сәуірде	БАҚ және әлеуметтік желілерде жобаның іске асырылу барысын жариялау
24	«Келіссөздер үстелі» жобасын іске асыру	білім беру ұйымдары	Оқу жылы ішінде	БАҚ және әлеуметтік желілерде жобаның іске асырылу барысын жариялау

Қысқартылған сөздер:

БАИ – біліктілікті арттыру институты

ЕБҚ – ерекше білім беруді қажет ететін

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ҚР ОАМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

Нұсқаулық – «Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы» 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтың

ППҚҚ – психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі

**«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы»
2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру
жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтың
«инклюзивті практика» аспектісін дамытуға бағытталған жобалардың
білім беру ұйымдарына ұсынылатын тізбесі**

ИНКЛЮЗИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

«Бірге үйренеміз» жобасы. Өртүрлі жастағы және дайындық деңгейіндегі балалардың бір-бірін белсенді оқытуы мен білім алмасуын қамтамасыз ететін өзара оқыту бағдарламаларын енгізу.

«Серіктестік» жобасы. Инклюзивті білім беру ортасындағы оқыту әдістемелері мен тәсілдерін бөлісуге арналған педагогтер арасындағы коучинг-сессияларды ұйымдастыру.

**«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы»
2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру
жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтың
«Инклюзивті мәдениет» аспектісін дамытуға бағытталған жобалардың
білім беру ұйымдарына ұсынылатын тізбесі**

ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

1) «Сені көргенімізге қуаныштымыз!» жобасы.

Жаңа келген білім алушыларға арналған бағдарлама: мектеп бойынша экскурсиялар, мұғалімдермен және сынып жетекшісімен таныстыру, бейімделуге арналған интерактивті сабақтар.

Бағдарлама білім беру ұйымдарында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын тәрбиелеудің негізгі құндылықтарының бірі болып табылатын «Бірлік пен ынтымақтастық» құндылығын қалыптастыруға бағытталған.

2) «Бәріміз бірдейміз» жобасы.

Мастер-кластар, тренингтер, интерактивті сабақтар мен талқылаулар өткізу. Инклюзияның маңыздылығы мен оның артықшылықтары туралы бейнероликтер, мақалалар, подкасттар дайындау.

3) «Көзқарасты өзгертетін фильмдер» жобасы.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдар туралы фильмдерді тамашалау және оларды оқушылар мен мұғалімдер арасында талқылау.

4) «Аутизм – бізбен бірге» жобасы.

Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күніне арналған апталық өткізу.

Жоба білім беру ұйымдарында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын тәрбиелеудің негізгі құндылықтарының бірі болып табылатын «Бірлік пен ынтымақтастық» құндылығын қалыптастыруға бағытталған.

5) Басқа да ерекше қажеттіліктері бар балалар (адамдар) мәселелері бойынша ақпарат таратуға бағытталған жобалар.

ПОЗИТИВТІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

1) «Бірге уақыт өткізейік» жобасы. Оқушылардың топтасуын, достық қарым-қатынасты және эмпатияны дамытуға арналған ойындар, рөлдік жаттығулар, спектакльдер қою, тренингтер өткізу.

Жоба білім беру ұйымдарында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын тәрбиелеудің негізгі құндылықтарының бірі болып табылатын «Бірлік пен ынтымақтастық» құндылығын қалыптастыруға бағытталған.

2) «Отбасы және мектеп» жобасы. Бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру: «Балаңа үлгі бол», «Күлкі жүректі жылытады».

Жоба білім беру ұйымдарында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын тәрбиелеудің негізгі құндылықтарының бірі болып табылатын «Бірлік пен ынтымақтастық» құндылығын қалыптастыруға бағытталған.

3) «Келіссөздер үстелі» жобасы. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар инклюзия мәселелерін талқылап, тәжірибелерімен бөлісіп, отбасы мен мектептегі психологиялық ахуалды жақсарту жолдарын ұсынады.

Жоба білім беру ұйымдарында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын тәрбиелеудің негізгі құндылықтарының бірі болып табылатын «Бірлік пен ынтымақтастық» құндылығын қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру ұйымдарына кедергісіз физикалық қолжетімділікті жасауға қойылатын талаптардың толық тізімі ұсынылады

1) Ғимаратқа кіру:

- пандустардың болуы;
- кіреберісте және кіреберіс алаңында тайғақ емес жабынның болуы;
- баспалдақтың бірінші және соңғы сатысының контрастты түске боялуы;
- екі жақтан тұтқалардың болуы (жоғарғы және төменгі бөлігінде көлденең аяқталуы, қауіпсіз түрде жасалуы);
- мектептің қолжетімділік белгісін белгілеу.

2) Ішкі қозғалыс жолдары:

- пандустардың болуы;
- бұрылыс алаңдарының жабдықталуы;
- мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересектерге арналған көтергіш құрылғылардың болуы;
- қажетті өлшемдегі парталар мен үстелдердің болуы;
- баспалдақтардың алдында, жоғары және төменгі бөлігінде тактильді жолақтардың (рельефті бағыттаушы) болуы;
- демалу және күту орындарын жабдықтау;
- кабинеттерге, сынып бөлмелеріне, аудиторияларға, кітапханаға және басқа да бөлмелерге апаратын есік ойықтарының кеңейтілуі;
- қажетті жерлерде тұтқалар мен балдақтарға арналған ілгіштердің болуы.

3) Санитарлық-тұрмыстық бөлмелер:

- әжетханалардағы есік ойықтарының кеңейтілуі;
- унитаздың жанында арбамен қозғалу аймағының болуы;
- кабинеттің қолжетімділік белгісімен көрсетілуі;
- жуынатын бөлмеде қолжуғыштың белгілі бір деңгейде орнатылуы;
- арбамен қозғалу үшін қолжуғыштың жанындағы кеңістіктің жабдықталуы;
- ерлер әжетханасында аяқпен немесе таяқпен сезуге болатын тактильді бағыттаушы жолақтың болуы.

4) Ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар:

- қажетті жазбалардың болуы;
- текстофонның (мәтіндік телефонның) болуы;

- дыбыстық хабарлағыштар мен бағыттаушы құрылғылардың болуы;
- кіреберісте есту аймағы бар дыбыстық радиотаратқыш динамиктің (дыбыстық маяк) болуы;
- есік тұтқасы жағынан бөлме белгілерінің болуы;
- дыбысты күшейтетін және үлкейтілген тактильді пернелері бар телефонның болуы;
- жедел ақпаратты көрсетуге арналған жарықтық мәтіндік таблолардың болуы.

Білім беру ұйымдарына кедергісіз физикалық қолжетімділікті жасауға қойылатын негізгі талаптар тізімі ұсынылады

1) Ғимаратқа кіру:

- пандустардың болуы;
- екі жақтан тұтқалардың (жоғарғы және төменгі бөлігінде қауіпсіз аяқталатын көлденең элементтері бар) болуы.

2) Ішкі қозғалыс жолдары:

- мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересектерге арналған көтергіш құрылғылардың жабдықталуы;
- баспалдақтардың алдында, жоғары және төменгі бөлігінде тактильді (рельефті) жолақтардың болуы;
- қажетті жерлерде тұтқалар мен балдақтарға арналған ілгіштердің болуы.

3) Санитарлық-тұрмыстық бөлмелер:

- әжетханалардағы есік ойықтарының кеңейтілуі;
- унитаздың жанында арбамен қозғалу аймағының болуы;
- жуынатын бөлмеде қолжуғыштың белгілі бір деңгейде орнатылуы және арбамен қозғалу үшін қолжуғыштың жанындағы кеңістіктің жабдықталуы.

4) Ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар:

- қажетті жазбалардың болуы;
- кіреберісте есту аймағы бар дыбыстық радиотаратқыш динамиктің (дыбыстық маяк) болуы.

**«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы»
2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру
жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтың (бұдан әрі – Нұсқаулық)
жекелеген бағыттарын ғылыми-әдіснамалық қолдау бойынша
білім беру ұйымдарының тізімі**

№	Бағдарламаның міндеттері	Жауапты ұйымдар
1.	Мектептің барлық бала үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету және әрбір оқушының (тәрбиеленушінің) білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдеу	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
2.	Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) білім алу қажеттіліктеріне қарамастан, бір-бірін құрметтеу сезімін қалыптастыру.	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
3.	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге арналған инновациялық педагогикалық технологияларды әзірлеу және енгізу	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық - ғылыми практикалық орталығы
4.	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге арналған педагогикалық технологияларды меңгеру бойынша педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық - ғылыми практикалық орталығы
5.	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу бойынша тәжірибе және педагогикалық	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ

	практика алмасу.	Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық - ғылыми практикалық орталығы
6.	Оқушыларға, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, оқу процесінің барлық кезеңінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету	Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық - ғылыми практикалық орталығы
7.	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысын одан әрі дамыту	Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық - ғылыми практикалық орталығы
8.	Педагогикалық қауымдастық пен ата-аналар қауымдастығының өзара әрекеттестігін нығайту	Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

МАЗМҰНЫ

Қысқартулар тізімі.....	4
Глоссарий.....	5
Кіріспе.....	7
1-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау.....	11
2-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу.....	15
3-бөлім. Бағдарламаның негізгі бағыттары.....	19
Инклюзивті білім беру парадигмасы.....	20
1-аспект. Инклюзивті саясатты іске асыру.....	21
2-аспект. Инклюзивті тәжірибені дамыту.....	22
3-аспект. Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру.....	24
Нұсқаулықты іске асыру бойынша білім беру ұйымының қызметін бағалауға арналған индикаторлар мен көрсеткіштер.....	26
Нұсқаулықты іске асыру алгоритмі.....	32
«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы» 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі нұсқаулықты іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары.....	34
«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы» 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтың «инклюзивті практика» аспектісін дамытуға бағытталған жобалардың білім беру ұйымдарына ұсынылатын тізбесі	
«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы» 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтың «Инклюзивті мәдениет» аспектісін дамытуға бағытталған жобалардың білім беру ұйымдарына ұсынылатын тізбесі.....	43
Білім беру ұйымдарына кедергісіз физикалық қолжетімділікті жасауға қойылатын талаптардың толық тізімі.....	45
Білім беру ұйымдарына кедергісіз физикалық қолжетімділікті жасауға қойылатын негізгі талаптар тізімі.....	46
«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы» 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтың жекелеген бағыттарын ғылыми-әдіснамалық қолдау бойынша білім беру ұйымдарының тізімі.....	47

**«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы»
2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді іске асыру
жөніндегі әдістемелік нұсқаулық**

Басуға 04.06.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 3,125.